**КЕЛІСІЛДІ :**
Шығыс Қазақстан облысы
білім басқармасының басшысының
міндетін атқарушы
__________ А.Ақылбеков
«____»__________ 2022 жыл

**БЕКІТІЛДІ:**
Шығыс Қазақстан облысы білім
басқармасының Тарбағатай ауданы
бойынша білім бөлімінің
басшысы __________ С.Дауытбаева
«____» __________ 2022 жыл

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2012 жылғы 20 желтоқсандағы
№ 557 бұйрығына 1-қосымша

# Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының Тарбағатай ауданы бойынша білім бөлімінің "Балауса –Балғын"бөбекжайы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының 2022-2023 оқу жылына оқыту қазақ тілінде жүргізілетін бөбек жасындағы балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары

| Рет № | Ұйымдастырылған іс -әрекет | Жас топтары | |
|---|---|---|---|
| | | Ерте жас тобы (1жастағы балалар) | Кіші топ (2жастағы балалар) |
| 1 | Дене шынықтыру | аптасына үш рет | аптасына үш рет |
| | Дене шынықтыру | күн сайын | күн сайын |
| 2 | Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет | күн сайын | күн сайын |
| 3 | Сенсорика | күн сайын | күн сайын |
| 4 | Қоршаған ортамен таныстыру | күн сайын | күн сайын |
| 5 | Сурет салу | - | күн сайын |
| | Мүсіндеу | күн сайын | күн сайын |
| | Жапсыру | - | күн сайын |
| | Құрастыру | - | күн сайын |
| 6 | Музыка | аптасына бір рет | аптасына бір рет |
| | Музыка | күн сайын | күн сайын |
| 7 | Арнайы түзетушілік іс -әрекет | | |

Ескерту:

*Ұйымдастырылған іс-әрекет - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, оның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметттік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске

асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген сабағы.

** Бөбек жасындағы балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді.

*** Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы ән айтуға, музыка тыңдауға, әндерді жаттатуға, импровизацияға, музыкамен ырғақты қозғалыстарға, шулы балалар аспаптарында ойнауға және музыкалық іс-әрекеттің басқа түрлеріне уақыт бөлінеді.

**** Арнайы түзетуші іс-әрекет арнайы мектепке дейінгі ұйымдарда, мектепке дейінгі ұйымдардың арнайы топтарында мүмкіндігі шектеулі балалар үшін жүргізіледі.

Меңгерушінің міндетін атқарушы Г.Шагиева

**КЕЛІСІЛДІ :**
Шығыс Қазақстан облысы
білім басқармасының басшысының
міндетін атқарушы
_____________ А.Ақылбеков
«___»___________ 2022 жыл

**БЕКІТІЛДІ:**
Шығыс Қазақстан облысы білім
басқармасының Тарбағатай ауданы
бойынша білім бөлімінің
басшысы _____________ С.Дауытбаева
«___» _____________2022 жыл

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2012 жылғы 20 желтоқсандағы
№ 557 бұйрығына 2-қосымша

**Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының Тарбағатай ауданы бойынша білім бөлімінің "Балауса –Балғын"бөбекжайы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының 2022-2023 оқу жылына оқыту қазақ тілінде жүргізілетін мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары**

| Рет № | Ұйымдастырылған іс -әрекет | Жас топтары | |
|---|---|---|---|
| | | Ортаңғы топ (3 жастағы балалар) | Ересек топ (4 жастағы балалар) |
| 1 | Дене шынықтыру | аптасына үш рет | аптасына үш рет |
| | Дене шынықтыру | күн сайын | күн сайын |
| 2 | Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет | күн сайын | күн сайын |
| | Қазақ тілі | аптасына бір рет | аптасына бір рет |
| | Қазақ тілі | күн сайын | күн сайын |
| 3 | Сауат ашу негіздері | - | - |
| 4 | Математика негіздері | күн сайын | күн сайын |
| 5 | Қоршаған ортамен таныстыру | күн сайын | күн сайын |
| 6 | Сурет салу | күн сайын | күн сайын |
| | Мүсіндеу | күн сайын | күн сайын |
| | Жапсыру | күн сайын | күн сайын |
| | Құрастыру | күн сайын | күн сайын |
| 7 | Музыка | аптасына бір рет | аптасына екі рет |
| | Музыка | күн сайын | күн сайын |
| 8 | Арнайы түзетушілік іс -әрекет | | |

Ескерту:

* Ұйымдастырылған іс-әрекет - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен

оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, соның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдениәлеуметттік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген сабағы.

** Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді.

***Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылады.

****Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы музыканы тыңдау, ән айту, әндерді жаттату, импровизация, ырғақты-музыкалық қимылдар, шулы балалар аспаптарында ойнау және басқа да музыкалық әрекеттерге уақыт бөлінеді.

***** Арнайы түзетуші іс-әрекет арнайы мектепке дейінгі ұйымдарда, мектепке дейінгі ұйымдардың арнайы топтарында мүмкіндігі шектеулі балалар үшін жүргізіледі.

Меңгерушінің міндетін атқарушы Г.Шагиева

**КЕЛІСІЛДІ :**
Шығыс Қазақстан облысы
білім басқармасының басшысының
міндетін атқарушы
__________ А.Ақылбеков
«___» ____________ 2022 жыл

**БЕКІТІЛДІ:**
Шығыс Қазақстан облысы білім
басқармасының Тарбағатай ауданы
бойынша білім бөлімінің
басшысы __________ **С.Дауытбаева**
«___» ______________ 2022 жыл

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2012 жылғы 20 желтоқсандағы
№ 557 бұйрығына 3-қосымша

**Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының Тарбағатай ауданы бойынша білім бөлімінің "Балауса –Балғын"бөбекжайы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының 2022-2023 оқу жылына оқыту қазақ тілінде жүргізілетін мектепалды тобына арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары**

| Рет № | Ұйымдастырылған іс –әрекет<br>Балалардың іс –әрекеті | Аптадағы өткізілу жиілігі | Аптадағы нормативтік жүктеме |
|---|---|---|---|
| 1 | Дене шынықтыру | | 3 сағат |
| | Дене шынықтыру | күн сайын | |
| 2 | Сөйлеуді дамыту | | 2сағат |
| | Көркем әдебиет | | 2сағат |
| | Қарым -қатынас іс -әрекет | күн сайын | |
| | Қазақ тілі | | 2 сағат |
| | Қазақ тілі | күн сайын | |
| 3 | Сауат ашу негіздері | - | 3 сағат |
| | Қарым -қатынас іс –әрекет,танымдық іс-әрекет | күн сайын | |
| 4 | Математика негіздері | | 3 сағат |
| | Танымдық іс-әрекет,зерттеу іс-әрекет | күн сайын | |
| 5 | Қоршаған ортамсн таныстыру | | 2 сағат |
| | Қарым -қатынас іс –әрекеті, танымдық іс-әрекет,зерттеу іс-әрекеті,еңбек іс-әрекеті | күн сайын | |
| 6 | Сурет салу | | 1 сағат |
| | Мүсіндеу | | |
| | Жапсыру | | |
| | Құрастыру | | |
| 7 | Шығармашылық іс әрекет,бейнелеу іс -әрекеті | күн сайын | |
| | Музыка | | 2сағат |
| | Музыка | күн сайын | |
| 8 | Барлығы | | 20 сағат |

Ескерту:

*Ұйымдастырылған іс-әрекет - Қазақстан Республикасы Білім жән ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 49 бұйрығымен бекітілген "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқ бағдарламаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекетті тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие ме оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, соның ішінде мектепк дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқыны ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметттік нормаларға баулу, қауіпсі мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үші күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыраты кіріктірілген сабағы.

**Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді.

***Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерд Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрл балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуі дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлеріме таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым қатынасты игерту ұсынылады.

****Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы музык тыңдау, ән айту, әндерді жаттату, импровизация, ырғақты-музыкалы қимылдар, шулы балалар аспаптарында ойнау және басқа музыкалық іс әрекетке уақыт бөлінеді.

Меңгерушінің міндетін атқарушы Г.Шагиева

**Түсінік хат**

**«Балауса-Балғын» бөбекжайы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының 2022-2023 оқу жылындағы мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту бөбек жасы мен мектепке дейінгі жастағы балаларға арналған ұйымдастырылған іс-әрекеті туралы.**

Мектепке дейінгі ұйымдар тәрбиелеу-білім беру қызметін: 1) «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (бұдан әрі – Стандарт) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына; 2) «Тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №17657 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына; 3) «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – Үлгілік оқу жоспарлары); 4) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік оқу бағдарламасы); 5) мектепке дейінгі ұйымдар үшін әзірленген, өңірлік әдістемелік орталықтың ғылыми кеңесінде бекітілген және қолдануға ұсынылған білім беру бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Мектепке дейінгі білім беру қызметтерінің сапасын арттыру мен жақсарту бойынша ұсынымдар әзірленіп, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды реттейтін нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында және мектепалды даярлық сыныптарында 2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хат Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» Заңдары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделі негізінде әзірленген. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мақсаты әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы

адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу.

2022-2023 оқу жылындағы негізгі міндеттер белгіленген, ол мынадаі бағыттарды қамтиды:

- әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын, оның ішінде инклюзивті орта құру;
- балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру;
- тәрбиеленушілердің қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік эмоционалдық, әлеуметтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру;

- Отанды, ана тілін сүюге, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу;

- баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық әлеуметтік дайындығын қалыптастыру және тең бастапқы мүмкіндіктер беру.

Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда педагогтерге келес қағидаларды назарда ұстау ұсынылады:

- ойын арқылы оқыту;

- түрлі балалар әрекетін ұйымдастыру арқылы (ойын, қимыл, танымдық шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) балаларды дамыту. Әдістемелік нұсқау хат қосымшасы перспективалық жоспар, циклограмма үлгісін, баланың жеке даму картасының үлгісін қамтиды.

**Ұйымдастырылған іс-әрекет** - Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, соның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметттік нормаларға баулу, қауіпсіз мінезқұлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті стандарты мен Үлгілік оқу жоспарына сәйкес Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнында:

1) тәрбиелеу-білім беру процесінің міндеттерін іске асыру;

2) ұйымдастырылған іс-әрекеттің мазмұны;

3) білім беру іс-әрекетін тиімді кіріктіру;

4) сабақтастық принциптерін, тәрбие мен оқытудың үздіксіздігін қамтамасыз ету;

5) ұйымдастырылған іс-әрекеттің күтілетін нәтижелері қарастырылатын болады.

Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту

Жас кезеңдері мынадай: 1) бөбек жасы – 0 (жаңа туған балалар ) – 2 жастағы балалар; 2) мектепке дейінгі жас – 3-5 жастағы балалар. Жас топтары балалардың күнтізбелік жылдағы толық жасын ескере отырып, оқу жылының басында жасақталады: ерте жас тобы – 1 жастағы балалар; кіші топ – 2 жастағы балалар; ортаңғы топ – 3 жастағы балалар; ересек топ – 4 жастағы балалар; мектепалды топ 5 жастағы балалар.

2022-2023 оқу жылында 10 топ жұмыс жасайды.

1.Ерте жас тобы (1 жастағы балалар) «Шуақ» , «Балақан»

2.Кіші топ (2 жастағы балалар) «Балбөбек», «Балапан», «Аққөгершін»

3.Ортаңғы топ(3жастағы балалар ) «Бүлдіршін», «Балдырған»

3.Ересек топ (4 жастағы балалар) «Балдәурен», «Жұлдызша»

4.Мектепалды топ (5 жастағы балалар) «Қарлығаш»

Оқу жүктемесі барлық жас ерекшелік деңгейлері мен санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкес келеді.